

030800, Темір ауданы, Шұбаркүдық кенті, Қызылжар № 156, тел: 78-300, 78-301, эл.пошта: [kyzylzharmektebi@mail.ru](mailto:kyzylzharmektebi@mail.ru)  
030800, Темирский район, пос. Шубаркудук, Қызылжар № 156, тел: 78-300, 78-301, эл.пошта: [kyzylzharmektebi@mail.ru](mailto:kyzylzharmektebi@mail.ru)

«02» 09 2025ж

БҰЙРЫҚ № 120

«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің  
қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өтетін кестесі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсан №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» және 2025 жылғы 27 тамыз күні өткізілген педкеңестің №1 хаттамасының шешімі негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 02-13 қыркүйек аралығында «Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру бойынша комиссия құрамы төмендегідей болып бекітілсін:

1. А.К.Кулунтаев – Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің директоры, комиссия төрағасы

2. С.А.Нуралина – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

3. С.А.Алманиязова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, география пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

4. Г.Б.Айтқулова – директордың бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі

5. К.Д.Сақтағанова – мектеп психологі, комиссия мүшесі

6. А.Е.Мустафина – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі

7. Д.С.Сартаева – дефектолог, комиссия мүшесі

3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау комиссия мүшелеріне зерделудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

4. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы басшылыққа алынсын.

5. Өзін-өзі бағалау жұмысының есебі 26 қыркүйекте өтетін кезектен тыс педагогикалық кеңесте баяндалсын.

6. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауы бойынша комиссия жұмыстарының қорытындысы 2025 жылдың 02-13 қыркүйек аралығында жүргізіліп, нәтиже бойынша құжаттар әзірленіп, 2025 жылдың 30 қыркүйек күніне дейін тиісті мектептің интернет ресурстарына уақытылы орналастырылсын. <https://kyzylzhar.temir.ful.kz/>

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме өзіме қалдырылсын

«Қызылжар ЖОББМ» КММ директоры:

А.К.Кулунтаев

